

Бекітемін  
Директордың міндетін атқарушы  
Г.Абдуллаева  
2024 ж.



«Принтмедиа технологиялар колледжі» МҚҚК

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТ

### Жалпы ережелер

1.1. Аталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабына сәйкес әзірленді және «Принтмедиа технологиялар колледжі» МҚҚК (бұдан әрі – Колледж) қызметінің барлық салаларында тыйым салулар, шектеулер және рұқсат етілген іс-қимылдар жүйесін білдіреді.

1.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты – сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, құқықтық сауаттылықты арттыру және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік ұстанымын қалыптастыру.

1.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

әкімшілік, инженерлік-педагогикалық құрам мен қызметкерлердің функционалдық міндеттерін орындау кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру;

сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың теріс салдарын болдырмау;

колледж қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін дамыту;

колледж қызметінің тиімділігін арттыру.

1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және орындау:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Колледж қызметінде азаматтардың, Колледждің және оның қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру және қорғау барысында қолданылады.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты орындау Колледждің әрбір қызметкері үшін міндетті.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және оның орындалуы үшін жеке жауапкершілік Колледждің әрбір қызметкеріне жүктеледі.



1.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты өзгерту Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

1.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қызметкерлердің әрекеттері мен шешімдерін сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермейтін және белгіленген ережелерді қатаң сақтауға бағыттайды.

1.7. Колледж қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтауын бақылауды комплаенс офицер жүзеге асырады.

1.8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеушілер: оқу жұмысы бойынша директор орынбасарлары, тәрбие жұмысы бойынша директор орынбасарлары, бөлім меңгерушілері және комплаенс офицер.

---

## 2. Нормативтік сілтемелер:

- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы (09.09.2024 жылғы өзгерістерімен). Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ.

---

**3. Осы стандартты қолдану аясы:**  
Стандарт Колледж қызметінің барлық салаларын қамтиды, азаматтардың, Колледждің және оның қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруда қолданылады.

---

## 4. Колледж қызметкерлерінің мінез-құлық ережелері: тыйымдар, шектеулер және рұқсаттар

**4.1. Колледждің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру барысында қызметкерлер келесі талаптарды орындауға міндетті:**

4.1.1. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде материалдық игіліктерді, қызметтерді және басқа да артықшылықтарды қабылдамау.

4.1.2. Мүдделер қақтығысын болдырмау, ол туындаған жағдайда заңнамаға сәйкес оны жоюға шаралар қолдану.

4.1.3. Қызметтік міндеттерін объективті және сапалы түрде орындау, жұмыс уақытын тиімді және ұтымды пайдалану.

4.1.4. Қызметтік және коммерциялық құпияны сақтау.

4.1.5. Тұлғаларға (қызметкерлерге/студенттерге) басымдық көрсетпеу және қызметтік міндеттерді орындау кезінде олардың ықпалынан тәуелсіз болу.



4.1.6. Шешім қабылдау кезінде қандай да бір материалдық игіліктер мен қызметтерді қабылдамау.

4.1.7. Өзінің немесе басқа тұлғалардың пайдасы үшін білім беру және басқа да қызметтерді көрсету кезінде қызметтік жағдайды асыра пайдаланбау.

4.1.8. Колледждің іскерлік беделін сақтау, оның абыройы мен беделін төмендететін әрекеттерге жол бермеу.

4.1.9. Колледж қызметкерлерінің жеке мәліметтерін негізсіз беруге жол бермеу.

4.1.10. Қызметтік саты бойынша жоғарылауды меритократия қағидаттары негізінде, білімі, біліктілігі, тәжірибесі және тиімділігі ескеріліп, байқау арқылы қамтамасыз ету.

#### **4.2. Педагогтар құқықтары:**

Педагогтар өздерінің түпнұсқа идеялары, жаңалықтары және өнертабыстары үшін сыйақы алуға, сондай-ақ олардың жүзеге асырылуынан пайда көруге құқылы.

#### **4.3. Ғылыми және білім беру қызметтерін көрсету барысында:**

4.3.1. Қазақстан Республикасының Конституциясын, Еңбек кодексін, «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы және басқа да заңнаманы сақтау.

4.3.2. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғатын құқық бұзушылықтарға жол бермеу.

4.3.3. Материалдық немесе материалдық емес игіліктер алу мақсатында таратуға жатпайтын қызметтік немесе басқа ақпаратты пайдаланбау.

4.3.4. Өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде іскерлік әдепті және ресми мінез-құлық қағидаларын сақтау.

---

#### **5. Колледж қызметкерлерінің басқарушылық және басқа да шешімдер қабылдау кезіндегі міндеттері:**

- Қызметтік міндеттерді орындау барысында мүдделер қақтығысы немесе жеке мүдделіліктің туындауы туралы тікелей басшыға хабарлау.
- Қызметтік міндеттерді орындау кезінде жеке және пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмау.
- Орнатылған тәртіпті бұзып, әріптестеріне немесе басшыларына олардың шешім қабылдауына ықпал ететін заңсыз өтініштермен жүгінуден бас тарту.
- *Басқаларды сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарға итермелеуге және ынталандыруға жол бермеу.*



- Әріптестеріне, басшыларына және басқа да лауазымды тұлғаларға сыйлықтар бермеу және қызметтік өкілеттіктерді пайдаланып пайда алу мақсатында бейқызметтік қызмет көрсетуге жол бермеу.
- Жақын туыстар арасында (ата-аналар, жұбайлар, бауырлар, балалар) тікелей бағыну немесе бақылауға байланысты лауазымдарға тағайындалудан бас тарту.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенділік танытып, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарын әшкерелеу.
- Қандай да бір пайда алу немесе материалдарды қарауды жеделдету мақсатында алымға бағыттау әрекеттері туралы дереу басшылыққа хабарлау.
- Орындауға ұсынылған бұйрықтың заңдылығына күмән туындаған жағдайда бұл туралы басшысына дереу жазбаша хабарлау.
- Тікелей басшысы мүдделер қақтығысына тартылған жағдайда жоғары тұрған басшылыққа жүгіну.
- Қызметкерлер арасында жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қолдау және талап ету.
- Мүдделер қақтығысы мен сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың алдын алу үшін себептер мен жағдайларды тұрақты негізде жою.
- Үшінші тұлғалардың мүддесін ұсынудан немесе лоббирлеуден, сондай-ақ олардың атынан әрекет жасаудан бас тарту.
- Қызметтік жағдайды әріптестер мен студенттерге бейқызметтік мәселелерде ықпал ету үшін қолданбау.
- Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарын жасауға басқа тұлғаларды мәжбүрлемеу.
- Әріптестер арасында туындаған мүдделер қақтығысын шешу бойынша уақытылы шаралар қабылдау.
- Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға кешенді шаралар қолдану.
- Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарға әкелетін жағдайларды, оның ішінде бағыныштылармен, жою.
- Қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін бағынышты қызметкерлерді, сондай-ақ студенттерді тартуға жол бермеу.

---

## **6. Колледж қызметкерлеріне ғылыми-білім беру және басқа да қызметтерді көрсету кезіндегі ұсыныстар:**

- 6.1. Әлеуметтік маңызы бар қызметтердің сапасын арттыру және «Колледж – оқытушы – студент» жүйесіндегі бюрократиялық кедергілерді болдырмау бойынша үнемі шаралар қабылдау.
- 6.2. Кәсібилікке ұмтылу, өз білім деңгейін үздіксіз арттыру, ғылымның отандық және шетелдік жетістіктерін зерделеу.
- 6.3. Өзінің кәсіби және адамгершілік мінез-құлқымен өзгелерге үлгі болу.



- 6.4. Тәртіптілігімен, Колледжге, оның дәстүрлеріне, тарихына деген құрметі мен ұқыптылығымен студенттерге жеке үлгі көрсету.
- 6.5. Студенттерге қатысты өз өкілеттіктерін теріс пайдаланбау, оларға субъективті баға беру және әділетсіздік танытпау.
- 6.6. Әріптестер мен студенттердің ар-намысы мен қадір-қасиетін төмендететін әрекеттерге, бейәдеп сөйлеу, менсінбеушілік пен менмендік көрсетуге жол бермеу.
- 6.7. Колледж әкімшілігінің шешімдері мен бөлімшелер қызметі туралы жалған ақпарат таратпау.
- 6.8. Студенттерден сыйлық немесе ақшалай сыйақы алмау.
- 6.9. Плагиат және басқа да академиялық құқықбұзушылықтарға жол бермеу.
- 6.10. Қызметтік міндеттерін орындау барысында академиялық адалдық, жауапкершілік, адалдық, объективтілік қағидаттарын басшылыққа алу.

---

## **7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру:**

Колледж ұжымының барлық мүшелерінде кез келген адалдыққа қайшы тәжірибелерге қарсы күресуге деген сенімді нығайту қызметі жүзеге асырылады.

### **Келесі жолдармен жүзеге асырылады:**

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологияларды және механизмдерді барлық салаларға енгізу.
- Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті құру.
- Тәртіптік комиссия құру.
- Ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімді насихаттау.
- Студенттерді, оқытушыларды және қызметкерлерді әлеуметтік әріптестік негізінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға тарту.
- Студенттік ортада патриотизм мен белсенді азаматтық ұстанымды тәрбиелеу мақсатында мақсатты бағдарламаларды іске асыру.
- Антикоррупциялық мониторингті социологиялық сауалнамалар арқылы жүзеге асыру.

## **8. Кодекстің орындалуына жауапкершілік:**

8.1. Осы Кодекстің талаптарын сақтау Колледждің әрбір қызметкері мен студентіне міндетті.

8.2. Кодекс талаптарын бұзу:

- Қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалануға;
- Этика нормаларын және мінез-құлық стандарттарын бұзуға;



- Академиялық немесе әкімшілік қатынастарда әділетсіздік көрсетуге әкелетін кез келген әрекет үшін тәртіптік жаза қолдануға негіз болады.

8.3. Кодекс талаптарын жүйелі түрде немесе өрескел түрде бұзу қызметтік міндеттерге сәйкестік бойынша шешімдер қабылдауға негіз болады.

---

## 9. Қорытынды ережелер:

9.1. Осы Кодекстің талаптары Колледждің ішкі құжаттарына қайшы келмеуі тиіс және Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарын негізге алады.

9.2. Кодекс Колледждің педагогикалық кеңесінде қабылданып, қолданысқа енгізіледі.

9.3. Кодекске өзгерістер мен толықтырулар қажет болған жағдайда олар тек қызметкерлер мен студенттердің кең қатысуымен және ашық талқылау арқылы енгізілуі мүмкін.

Директордың оқу ісі  
жөніндегі орынбасары:



А.Сыгаева

Директордың тәрбие ісі  
жөніндегі орынбасарының м.а.



А.Кунтубай